

ТОЛҒАУДЫҢ ТҮРЛЕРІ: ҚАЗІРГІ ӘДЕБИЕТТЕГІ СИПАТЫ**Рысқұлбекова Сандуғаш**sanu.9600@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, филология факультеті, қазақ әдебиеті кафедрасының 2 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., доцент С.Дүйсенғазы

Қазақ ауыз әдебиеті жанрлық жағынан өте бай. Осындай бай әдебиеттің ішінде толғау жанрының тарихы, түрлері, қазіргі әдебиетте алатын орны ерекше. Себебі, толғауда жұртты өзіне сендіре алатын, көпшілікті толғандыратын мәселелер сөз етіледі. Сюжетсіз құрылатын туынды болғандықтан, белгілі бір тақырып бойынша ой түйю, философиялық түсінік қалыптастыру идеясы алдыңғы кезекке шығады.

Толғау жанрын іштей жіктеу төңірегінде С.Мұқанов мынадай пікір білдіреді: «Бүкіл дүние жүзі фольклоры лирикалық және эпикалық деп екіге жіктеледі. Лирика дегеніміз – жан сырын шертетін өлең-жырлар, ал эпика – ұзақ жырлар. Қазақ фольклорында мұның екеуі де бар... Олар толғау, айтыс, қисса және жорық жырлары деп 4-ке бөлінеді. Ал толғаудың өзі ереуіл толғау, нақыл толғау және тіршілік толғауы деп 3-ке бөлінеді. Мұндағы нақыл толғауы дегеніміз – бұрын-соңды болған ерлік істерді жырлау. Сол арқылы замандастарына өсет айтып, үндеу тастау» [1, 27 б].

Толғау – әдебиетімізде өзіндік ерекшеліктерімен көрініп, көне дәуірлерде туып қалыптасқан поэзиялық шығарманың бір түрі. Толғау қазақтың «жыр толғау», «толғап айту» деген сөзінен алынып, жеке термин ретінде әдебиетімізде кейінгі кеңестік дәуірде ғана қалыптасты. Толғаулар өзінің табиғи сипатымен жүйелі оқиғасы бар жырға жақын, үндес. Бізге жеткен толғаулардың халық өмірінің аса бір жауапты, күрделі де қиын тұсында айтылып таралғанын аңғарамыз. Жыраулар толғаған суырып салма жырлар философиялық ойға құрылған тұжырымдарымен де, жеке адам бейнелерін жасаған салиқалы да тартымды мазмұнымен де дараланады. Мұнда ел, жер, халық тағдыры, болашағы жүйелі сөз болады. Осы ерекшелік мұны эпикалық жырларға көп ұқсатады. Мәселен, Сыпыра жырау жырларының бізге жеке күйінде жетпей, эпостарда кездесуі де көп мәселенің сырын аңғартса керек.

Ең алдымен толғау түріндегі туындылардың жанр ретінде туып қалыптасуы тікелей жыраулар творчествосымен байланысты іске асты. Жыраулар өз шығармаларын, көбінесе, ауыз әдебиеті дәстүрінде тудырып отырғанымен, бұлар өзінің құрылысы мен көркемдік тәсіл, бейнелеу мүмкіндіктері жағынан бірден-бір дара әдебиеттің өкілдері ретінде көрініп танылды. Бұл – қазіргі қазақ әдебиетіміздегі даралық творчествосының ең алғаш тек поэзияда, оның ішінде жыраулық толғауларда туып дамығанын көрсетеді. Мұны әдебиетіміздің даму жолындағы басты бір ерекшелігі деп атап көрсеткен жөн.

Толғау жанрының табиғатын, оның қазіргі қазақ әдебиетіне тигізер әсері жөнінде академик З.Ахметов: «Толғау – шындығына келгенде ән емес, бірақ әуенмен айтылуға негізделіп, ыңғайланып жазылған шығарылған халықтық лириканың ерекше түрі. Ондағы өлеңдердің тирадаға бөлінуі де оның табиғатын айқындайды. Толғау деген атынан көрініп тұрғандай, оқырман оны оқығанда я естігенде ойланып, толғануы тиіс» [2, 78 б], - деп жанрлық ерекшелігіне баға береді. Ахмет Байтұрсынұлы толғау жанрының ерекшелігін мазмұны жағынан талқылай келе мынадай қорытындыға келеді: «Толғауды айтатын толғаушы айтатын дүниесін қоғамнан тысқары алмай, іштегі ғаламнан алады. Толғаушы ақын әуелі көңілінің күйін, мұңын, мүддесін, сүйінішін, күйінішін, зарын, қуанышын жырлайды. Мәселен, бір нәрсе, яки іс қандай көркем, әдемі болса, сонда оған сүйсінеміз. Қанша сүйкімсіз, жаман болса, сонша жек көреміз. Ертек тысқарғы ғаламның жыры деп, толғау ішкергі ғаламның күйі деп екіге бөлгенімізде тіпті сорпасы қосылмайтын бөлектік бар деп ұқпасқа керек» [3, 46 б].

Әдебиеттанушы А.Байтұрсынұлы толғау жанрының көркемдік қырын талқылай келе оған тән басты белгілерді былайша жіктемелеп өтеді:

- Толғау сырлы болуы қажет. Ақынның толғаған толғауы, оның күйі өзгеге түсінікті болуы шарт.
- Толғау шын сырлы болуы тиіс. Ішінде жалған, өтірік сөз болмауы қажет. Яғни, толғау шын көңілден шығуы керек.
- Толғау таза болуы тиіс.
- Толғау көңілдің тереңдігі күйінен хабар беруі керек. Көңілдің бергі жағынан ғана шыққан ой оқырман санасына терең із қалдыра алмайды.
- Толғау қысқа болуы тиіс. Мәселен, нағыз толғаулардың көбісі 4-5 ауыз өлеңнен тұрады.
- Толғау әуезді сөзбен айтылуы тиіс. Адам көңіл-күйінің сапасын білдіретін нәрсе – ән мен күй. Әннен кейінгі көңілге ерекше әсер беретін – әуезді сөз. Әуезді сөздің әдемісі өлең толғау көңіл сөзі болғандықтан әсері күшін көбейтетін өлең түрде айтылуы тиіс [3, 51 б].

Ғалым толғау жанрының қағидалары мен өзіне тән ережелерін қалыптастырады. Мұның барлығы импровизацияның әсерімен орындалатынын тағы да айта кеткен жөн. Себебі, толғауларда айтылған ұтымды тіркес, ұшқыр ой кейінгі уақытта афоризмдер, мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерге айналып отырады. Бұл да болса толғаушының даралығын, ұшқырлығын, әмбебаптығын танытады. А.Байтұрсынұлы толғауларды ішінара былай топтастырады:

- Сап толғау;
- Марқайыс толғау;
- Налыс толғау;
- Намыс толғау;
- Сұқтаным толғау;
- Ойлаамалдау толғауы. Ойлаамалдау толғауының 3 түрі бар: 1. Сөгіс толғауы немесе даттау. 2. Күліс толғауы не күлкілеу. 3. Масқаралау.

Күлкілеудің өзі үш түрге бөлінеді: а) Мазақ. б) Мысқыл. в) Құлық.

Құлық толғауы екі түрлі: бірі сықақ, екіншісі әзіл.

Қазіргі әдебиетте толғаудың осы аталған түрлерінің біразы ақын өлеңдерінен көрініс табады. Қазіргі поэзиядағы талантты ақын Қажытай Ілиясұлының шығармаларынан мысал келтірейік. Ақын шығармашылығының басым көпшілігі толғау жанрында жазылған. Демек, ақын қозғаған тақырыптардың барлығы дерлік қоғамдағы ауқымды мәселелерді қозғап, кейінгі көпшілікке оның кесапаты мен жақсылығын дәріптеу мақсатында жазады. Мәселен, ақынның «Құлаққағыс» деген өлеңінде:

Сәні қайда, ауылдың малы қайда?
Қазақ болсаң, қазақтың қамын ойла!
Бұрынғы айтушы еді, расында,
Жетіскен қыз төркінін танымай ма?..
Биліктілер пейілін өлшеу керек,
Төрт мәрте тұтқындалған Абылайға.
Мұсылман аяушы еді мұсылманды,
Қылмысты топ ұсталып, құшыр қанды.
Әйткенмен, пагоны бар бауырлардың.
Ұмытып кеткені жөн кісі ұрғанды
Қап сүйреп, қарақоңыр келіншектер,

Онсыз да жеті жылдай қысыр қалды [4, 108 б], - деп ақшаға ғана құнығып бара жатқан қазаққа құлаққағыс жасайды. Бұл ескерту емес, бұл қазіргі заманның қасіретін көрсетуі, сол қасіретке налу. А.Байтұрсынов жіктеген налыс толғауының көрінісі. Толғау қазіргі кезеңде өзінің тақырыбының ауқымдылығы мен мазмұнының байлығы жағынан ғана емес, сыртқы

құрылысы жағынан да түлеп толысып, халықты толғантқан күрделі мәселелерді жырлау дәрежесіне көтерілді. Ақындар адам мен адам арасындағы әр алуан имандылық, ізгілік, адамгершілік қатынастарды сөз еткенде, көбінесе, өмірдегі құбылыстарды салыстыра отырып, ойдың ұтымдылығы мен тиімділігін арттыруға мән береді.

Осы тұста ақын Бауыржан Қарағызұлының диалогқа құрылған мына бір өлең жолдары назар аудартады:

Көңіл пердесін аштым ба түріп,
Көкжиек көрінді нұрлы?
Көгілдір аспанның астында тұрып,
Көтердім көгілдір Туды.
Керуен жолдан мың адасыпты,
Көнерген жолдар аңсар боп...
Көз ұшындағы қыран да асықты,
Көгілдір туға қонсам деп!
Көгілдір туды көтерген ... кімсіз?
ТӘУЕЛСІЗДІКПІН! [5, 94 б].

Өлең ырғағы мен құрылымы ерекше. Тәуелсіздікке қол жеткізген ұлтымыздың ұлыкөрінісін ерекше түсінікпен жеткізе білген. Ұлттық нышанға айналған тудың бейнелілігін, онда бейнеленген қыран құс пен күн, көгілдір аспан, ұлттық ою-өрнек белгілерін қосып жырды толықтырады. Осындай азат күннің атауын – Тәуелсіздік деп көрсетуі диалогтық өлең жолдарының айшықты мәнерін айқындап тұр. Бұл да болса ақынның тәуелсіздікке қол жеткізген кездегі қуанышының бір белгісі ретінде қарастырылады. Толғауды марқайыс толғауының сипаты ретінде тани аламыз.

Қорыта айтқанда, толғау жанры ертеден қалыптасқан, өзіндік тарихы мен жанрлық сипаты бар ерекше жанр. Қоғам өзгеріп, дәуір алмасса да оның еркіндігі мен ауқымдылығы ешқашан өзгермейді. Ең бастысы оны толғап, жырлайтын ақын мен естір құлақ болса ол ешқашан жойылмайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: Ғылым, 1998. - 387 б.
2. Ахметов З. Өлең сөзін теориясы. – Алматы: Атамұра, 1995. - 369 б.
3. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. - 206 б.
4. Ілиясұлы Қ. Таңдамалы шығармалар. 1-том.– Алматы: Жазушы, 2006. - 289 б.
5. Қарағызұлы Б. Жүрек кітабы. – Алматы: Жазушы, 2012. - 207 б.